# ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ
## ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған




Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

*Төртінші басылымы*

Алматы «Атамұра» 2015

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 7
Ә 22

*Құрастырғандар:* **П. Қ. Жаманқұл**
**Г. С. Құрманбай**
**Ш. Т. Таубаева**

**Әдебиеттік оқу. Хрестоматия:** Жалпы білім беретін мектептің
Ә 22 4-сыныбына арналған/Құраст.: П. Қ. Жаманқұл, Г. С. Құрманбай, Ш. Т. Таубаева. 4-бас., өңд. – Алматы, Атамұра, 2015. – 160 бет.

ISBN 978-601-306-137-5

**ӘОЖ 373.167.1**
**КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 7**

ISBN 978-601-306-137-5

© «Атамұра», 2015

**Құрметті оқушылар!**

Бұл кітап – «Әдебиеттік оқу» оқулығына қосымша оқу құралы. Кітап сендерді сөз өнерінің небір түрімен таныстырады. Туған жер, туған ел туралы өлең-жырлар, ерлік, елдік дәстүрлер, табиғат құбылыстары туралы әңгіме-ертегілер және ақын-жазушылардың өздеріңді қызықтыратын шығармаларын, олардан үзінділер оқисыңдар.

Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыған сайын сөз өнерінің құдіретін сезіне түсесіңдер. Сондықтан іштей оқығанда да, дауыстап оқығанда да түсініп, мәнерлеп оқуға тырысыңдар.

Ақын-жазушылар жазған шығармалар да, өздерің сүйіп оқитын халық шығармалары – ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер де – асыл сөздер. Асыл сөздерді көп тыңдап, көп оқысаңдар, білімдерің толығып, рухани сезімдерің байып, іштей түлеп, өздерің де тауып айтуға, көркем сөйлеуге талпынасыңдар.

Біз кітап арқылы бастауыш мектептің өзінде-ақ бүкіл адамзаттық мәдениетпен таныса бастаймыз. Бірақ рухани өмірімізде кітаптың алатын орны осымен тоқтап қалмайды. Алға басқан сайын, өскен сайын кітап біздің айнымас досымыз болып қала береді.

Дұрыс оқуға, сауатты жазуға дағдылана беріңдер. Сендерді алдағы уақытта, яғни 5-сыныпта «Әдебиет» атты пән қарсы алады. Онда көлемі үлкен көркем шығармаларды оқитын боласыңдар.

Білім шыңына бет алған сапарларың сәтті болсын!

***Авторлар***

– Қап! – дейді ең кішісі өкіне, – жерді тереңдете тағы да қазайықшы. Мүмкін әкеміз алтыны бар керсенді жерді терең қазып көмген шығар!

Олар осылай келіседі. Әкесінің қазынасын қайтсе де тауып алуға тырысады. Сөйтіп іске қайтадан кіріседі.

Ең үлкен ағасы жерді қаза береді, қаза береді. Бір мезгілде күрегі үлкен бір қатты нәрсеге тиеді. Ол жүрегі аттай тулап, қуанып кетеді, сөйтіп бауырларына айқай салады:

– Тез бермен келіңдер, әкеміздің қазынасын таптым!

Екі інісі жетіп келіп, оған көмектесе бастайды.

Олар қаншама еңбектеніп қазғанда тапқаны – алтыны бар керсен емес, үлкен тас.

Қатты қапаланған олар:

– Енді бұл тасты қайтеміз? Үй іргесінен аулағырақ апарып тастайық! – деседі.

Сөйтіп тасты апарып тастайды да, жерді одан әрі тереңдете қазады. Ұзақ күнге қазады. Жердің төменгі қабатының топырағы жұмсара бастайды. Ал алтыны бар керсенді ақыры таба алмайды.

– Қайтеміз? – дейді сонда ең үлкен ағасы. – Жерді қазып тастадық. Енді ол бос жата ма? Қане, осы жерге жүзім отырғызайық.

– Дұрыс айтасың, – деп қолдайды інілері. – Тіпті еңбегіміз зая кетпесін.

Сөйтіп олар жүзім ағаштарын отырғызып, оларға күтім жасайды.

Арада біраз уақыт өткен соң, жүзім бағы өсіп шығады. Ағайынды үш жігіт одан мол өнім алады. Өздеріне керегінше қалдырады да, қалған жүзімді сатып, көп қаражат тауып алады.

Сонда үлкен ағасы тұрып:

– Біз үйдің айналасын текке қазбаппыз. Біз әкеміздің өлер алдында айтып кеткен қымбат бағалы қазынасын енді таптық, – дейді.

---

1. Ертегіні оқып, өзіңе қандай пайдалы нәрсені таптың? Ойлап көр.
2. Әкесі балаларына не үшін өтірік айтты?
3. Еңбек адамды байлыққа жеткізе ме?



# МАЗМҰНЫ

Құрметті оқушылар! ........ 3

**I. Кәусар бұлақ**

Тауға барсаң тамаша. *Кенен Әзірбаев* ........ 4
Күн шуағым. *Мұқағали Мақатаев* ........ 4
Болашаққа. *Мұқағали Мақатаев* ........ 4
Таудағы көктем. *Мұқағали Мақатаев* ........ 5
О, туған жер. *Фариза Оңғарсынова* ........ 6
«Жүреді біреу жақын кеп». *Фариза Оңғарсынова* ........ 7
Көктем. *Қадыр Мырза Әли* ........ 7
Қазақстан. *Қасым Аманжолов* ........ 8
Туған ел туралы. *Тұманбай Молдағалиев* ........ 9
Жел. *Қалижан Бекхожин* ........ 9
Мен – табиғат бөбегі. *Қасым Аманжолов* ........ 10
Ару көктем, армысың?! *Жүсіп Қыдыров* ........ 11
Ақтиін. *Мұрат Байділданов* ........ 12
Жас қазақтар, қайдасың? *Міржақып Дулатов* ........ 13
Қаратау. *Төлеген Айбергенов* ........ 14
Сарыжайлау. *Тәкен Әлімқұлов* ........ 14
Мақтаныш. *Ғафу Қайырбеков* ........ 16
Көк байрақ – туымыз. *Әдібай Табылды* ........ 16
Біз – кешегі көшпелі елміз. *Әділғазы Қайырбеков* ........ 17
Жақсы сөз – жан азығы. *«Инабат» кітабынан* ........ 18
Қазақ тілі. *Қабдеш Жұмаділов* ........ 19
О, туған тіл! *Әбділда Тәжібаев* ........ 19
Қазақ тілі. *Байбота Серікбаев* ........ 20
Аққулы көлде. *Сәкен Сейфуллин* ........ 21
Құмай тазы Көкдауыл. *Мұхтар Мағауин* ........ 22
Бөкен. *Қасымхан Бегманов* ........ 26
Ананың асыл арманы. *Мағзұм Тиесов* ........ 27
Ақорда. *Әли Ысқабай* ........ 30
Бәйтерек. *Әли Ысқабай* ........ 31
Ең сұлу қала әлемде. *Кәкімбек Салықов* ........ 31
Көк тудың желбірегені. *Алмас Ахметбекұлы* ........ 32
Көкшетау. *Сәкен Сейфуллин* ........ 33

**II. Асыл арналар**

Атадан ұл туса игі... *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы* ........ 34
Абылай. *Мағжан Жұмабаев* ........ 35

Ерте есейген бала. *Медеу Сәрсеке* .......... 36
Фараби туралы баллада. *Өтебай Тұрманжанов* .......... 40
Бөгенбай батыр. *«Абай» энциклопедиясынан* .......... 41
Батырың өтті Бөгенбай. *Бұқар жырау* .......... 42
Тайбурылдың шабысы. *Балаларға лайықтап әңгімелеген – Софы Сматаев* .......... 43
Абылай ханның жорыған түсі. *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы* .......... 48
Отырар. *Дүкенбай Досжанов* .......... 50
Табысу. *Ғабит Мүсірепов* .......... 54
Тұңғыш кен инженері. *Ә. Х. Марғұланның естелігінен* .......... 57
Спорт деген мықтылық. *Оспанәлі Иманәлиев* .......... 59
Тіл және тәуелсіздік. *Сұлтанәлі Балғабаев* .......... 60
Абылай. *Арасанбай Естенов* .......... 61

## III. Жарық жұлдыздар

*Абай.* Он бесінші сөз .......... 62
*Абай.* Он сегізінші сөз .......... 62
*Абай.* Он тоғызыншы сөз .......... 62
Әкем Абай туралы. *Тұрағұл Абайұлы* .......... 63
Ана шүкірлігі (*«Абай жолы» эпопеясынан үзінді*). *Мұхтар Әуезов* .......... 63
«Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас». *Жамбыл* .......... 65
Балаларға. *Жамбыл* .......... 65
«Үш-ақ түрлі өмір бар – бәрі де мас». *Шәкәрім Құдайбердіұлы* .......... 66
Сөз сынап, өлең өлшемек. *Шәкәрім Құдайбердіұлы* .......... 66
Балуан Шолақпен кездескенде. *Кенен Әзірбаев* .......... 67
Мұхтарға. *Кенен Әзірбаев* .......... 67
Қайырлы таң. *Сағи Жиенбаев* .......... 68
Бір арман. *Сағи Жиенбаев* .......... 71
Әже мен немере. *Сағи Жиенбаев* .......... 71
Бауыржан. *Қасым Аманжолов* .......... 72
Мәншүк. *Сәду Машақов* .......... 74
Әлия. *Бәкір Тәжібаев* .......... 74
Елін аралаған елік бала. *Несіп Жүнісбаев* .......... 75
Қарға мен түлкі. *Ыбырай Алтынсарин (И. А. Крыловтан аударма)* .......... 77
Дархан дарын. *Кәукен Кенжетаев* .......... 78



## IV. Мәуелі бақ

Бұлбұл, Жарқанат, Қарақұрт. *Төлеміш Әбсәлімов* .......... 81
Аралар. *Машқар Гумеров* .......... 82
Мерген. *Әзілхан Нұршайықов* .......... 86
Таутеке. *Тұрдақын Жексенбай* .......... 89
Тұман. *Ұлықбек Есдәулетов* .......... 93
Дабыл. *Дәулет Қасенов* .......... 94
Сарыжайлау. *Мұқағали Мақатаев* .......... 95
Қазыбектің «Қаздауысты Қазыбек» атануы .......... 96
Туған жер – туған ауыл. *Фариза Оңғарсынова* .......... 104
Үш тілек. *Әлібек Файзуллаұлы* .......... 105
Оқымысты шал. *Ұзақбай Доспанбетов* .......... 111
Біздің бала шағымыз. *Әбіш Кекілбаев* .......... 113
Тойған ит. *Ермек Өтетілеуов* .......... 113
Тілазарлық. *Шона Смаханұлы* .......... 114
Футбол сабағы. *Абдул-Хамит Мархабаев* .......... 115

## V. Ертегілер елінде

Бала патша *(Қазақ ертегісі)* .......... 120
Сыбызғышы *(Қазақ ертегісі)* .......... 124
Әке өсиеті *(Тәжік ертегісі)* .......... 126
Күштілік пен тапқырлық *(Латыш ертегісі)* .......... 131
Алтын қоңыз қайдан пайда болған? *(Жапон ертегісі)* .......... 134
Жігітке жетпіс өнер де аз *(Өзбек ертегісі)* .......... 137
Алтын тостаған *(Бурят ертегісі)* .......... 143
Зерек Зарнияр *(Әзірбайжан ертегісі)* .......... 148
Қырық бір өтірік *(Марий ертегісі)* .......... 152
Ғаламат қазына *(Молдаван ертегісі)* .......... 154